

БҰЙРЫҚ

26.12.2013 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 449

г.р.р. Астана

**Мемлекеттік жоспарлау
жүйесінің құжаттарына
енгізілген Қазақстан Республикасы
Спорт және дене шынықтыру
істері агенттігінің құзырындағы
көрсеткіштерді есептеу әдістемесін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары Е.Т. Орынбаев бекіткен Мемлекеттік жоспарлау жүйесін мемлекеттік статистикамен үйлестіруді қамтамасыз ету жөніндегі 2013 жылғы 4 наурыздағы № 20-20/004-527 жол картасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің құзырындағы көрсеткіштерді есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Стратегиялық даму департаменті (Д.Ү. Қамзебаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің интернет – ресурсына орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Жауапты хатшысы Қ.Ғ. Кәкенге жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Т. Есентаев

«Келісілген»
Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігінің төрағасы
С.С. Смайылов
« 17 » 2014 жыл

**Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына
енгізілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру
істері агенттігінің құзырындағы көрсеткіштерді есептеу әдістемесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген дене шынықтыру және спорт саласының құзырындағы көрсеткіштердің мәнін есептеу әдістемесі мемлекеттік жоспарлау және мемлекеттік статистика жүйесін үйлестіру мақсатында әзірленді.

2. Көрсеткіштердің мәнін есептеу келесі көрсеткіштер бойынша дене шынықтыру және спортты дамытудың ағымдағы деңгейін бағалау үшін жүргізіледі:

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту, %;

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектер үлесін балалар мен жеткіншектердің жалпы санынан қамту, %;

Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын ауыл халқының, ауыл халқының санындағы үлесі, %;

Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылданатын мүгедектердің үлесі, мүгедектердің жалпы санындағы үлесі, %;

Өткізілген іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі, %;

Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі, %;

Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын ЖОО-дағы оқитындардың үлесі, %;

Ресми спорттық іс-шараларда, әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында, Азия чемпионаттарында және халықаралық турнирлерде иеленген медальдар саны, бірлік;

Білікті спортшылардың (спорт шебері) санының өсуі, %;

Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждердегі оқушылардың үлесі, %;

Жалпы түлектер санынан спорт шеберіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған Олимпиада

резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері түлектерінің үлесі, %;

«Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен спортшылардың Қазақстанның спорттық ұйымдарына қосылған үлесі, %;

Түлектердің жалпы санынан спорттық қызметті жалғастыратын мектеп-интернат және колледждер түлектерінің үлесі, %;

Бейінді бағыт бойынша біліктілігін арттырудан өткен жаттықтырушы оқушылар құрамының үлесі, %;

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдаланатын ведомстволық бағыныстағы спорттық ұйымдар мен мекемелердің үлесі, %;

Жұмыс орындары бойынша (жұмыс беруші) дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесі, %;

Спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысқан азаматтар саны, адам;

Спорт ұйымдарындағы кадр тапшылығы, %;

Лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көбеюі;

Айқындалған бұзушылықтардың жалпы санындағы жойылған бұзушылықтардың үлесі;

Жоспарланған тексерістердің санын 2015 жылға дейін қысқарту.

3. Осы әдістемеде келесі ұғымдар қолданылады:

дене шынықтыру – мәдениеттің ажырамас бөлігі, адамның дене бітіміне дамыту, оның денсаулығын нығайту мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын, адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік қызмет саласы;

спорт – жарысушылық қызметтің, спортшыларды жарысқа қатысуға даярлаудың ерекше түрі болып саналатын дене шынықтырудың бір бөлігі;

дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар – аптасына кемінде 3 рет немесе жиыны 3 сағат жаттығудың ұйымдасқан түрімен (жалпы білім беретін мекемелердегі сабақ түріндегі жаттығудан басқа) таңдаған спорт түрімен немесе жалпы дене тәрбиесі даярлығымен шұғылданатын тұлға;

спорт түрлері бойынша секциялар – дене тәрбиесі бойынша сабақтарды ұйымдастыру түрі;

жаттықтырушы – кәсіби білімі бар және оқу-жаттығу процесі барысында спортшының даярлығын және спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін оның жарыс әрекетіне басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға;

спортшы – спорт түрімен (түрлерімен) үнемі айналысатын және спорт жарыстарында өнер көрсететін жеке тұлға;

дене шынықтырумен және спортпен айналысуға мүмкіндігі бар мүгедектер - дәрігерлердің дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдері бойынша ұсынысы жоқ мүгедектер тобы;

халықаралық спорт жарыстары – кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спортшылар (командалар) арасында спорт түрінен өтетін сайыс;

кешенді жарыстар (іс-шаралар) - спортшылар арасында орындарды орналастырылған және командалар арасында кешенді есептерді жинақталған спортшылар (командалар) арасында бірқатар спорт түрлері бойынша жарыстар;

спорт шебері – спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, жарыстарында, кубоктарда және халықаралық спорттық жарыстарда жүлделі орындарды жеңіп алғандары үшін берілетін спорттық атақ;

халықаралық деңгейдегі спорт шебері – ірі халықаралық жарыстарда (Олимпиада ойындарында, Азия, әлем чемпионаттарында, Әлем кубоктарында, Азия ойындарында) жүлделі орындарды жеңіп алған спорттық атақ;

спорт шеберінің кандидаты – Қазақстан Республикасының ірі жарыстарында (чемпионаттар, спартакиадалар, кубоктар) жүлделі орындарды жеңіп алған спорттық атақ;

олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі (ОРМБЖМ) - дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қажеттіліктерімен қанағаттандыру мақсатында қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу-тәрбие мекемесі;

олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждер (ОРММИК) - орта білімге, жалпы орта білімге және техникалық және кәсіби білімі бар кәсіптік оқу бағдарламаларына негізделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және Қазақстан Республикасының құрама командалары үшін спорт резервінің дайындығын, дене шынықтыру және спорт саласында спорт түрлері бойынша мамандардың дайындығын жүзеге асыратын мекеме.

4. Әкімшілік және ведомстволық деректер, дене шынықтыру-сауықтыру есебі, халық саны бойынша ресми статистикалық ақпаратты есептеу үшін ақпарат көздері болып табылады.

2. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілген дене шынықтыру және спорт жөніндегі көрсеткіштерді есептеу тетігі

2.1. Көрсеткіштер тізбесі

1) Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту

1. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Облыстардың, Астана және Алматы қ.қ. дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың мәліметтері негізінде көрсеткіштерге есептеу жүргізеді.

2. Көрсеткіштердің мәні дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар санының жалпы тұрғындар санына қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$Y = T / TC * 100\%$, мұндағы

Y – дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын тұрғындар үлесі;

T – дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын тұрғындар саны;

TC – келесі есептік жылдың 1 қаңтарындағы әкімшілік-аумақ бірлігіндегі тұрғындар саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылатын 2-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын тұрғындар саны – облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ әкімдіктерінің деректері;

Қазақстан Республикасы халқының саны – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің веб-сайты, «Халық» деген бөлімі.

4. 2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

5. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын тұрғындар саны спорт түрлерінен секцияларда және дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы секцияларда, соның ішінде ақылы, секциялардың, топтардың жұмысын есепке алу журналы бойынша шұғылданушылар туралы деректердің жиынтығы ретінде анықталады. Әрбір шұғылданушы жаттығудың бір ғана нысаны бойынша есепке алынады.

6. Секциялардың, топтардың жұмысын есепке алу журналы есепті жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде жыл сайын аудан (қала) әкімдігінің дене шынықтыру мәселелері жөніндегі бөлімінде тіркеледі. Журналдар тігілген, дене шынықтыру ұжымының мөрімен бекітілген және осы әдістеменің қосымшасына сәйкес болуы қажет.

7. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

2) Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектер үлесін балалар мен жеткіншектердің жалпы санынан қамту

1. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Облыстардың, Астана және Алматы қ.қ дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың мәліметтері негізінде көрсеткіштерге есептеу жүргізеді.

2. Көрсеткіштердің мәні балалар мен жеткіншектер спорт мектептерінде (БЖСМ), олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінде (ОРРММИК), Спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарында (СДБМИ) шұғылданатын балалар мен жеткіншектер санының жалпы оқушылар санына қатынасына есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$BЖУ = BЖС / OC * 100$, мұндағы

БЖУ - Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектер үлесі;

БЖС – БЖСМ-інде, ОРРММИК-інде, СДБМИ-ында шұғылданатын балалар мен жеткіншектердің саны;

OC – оқушылар саны (оқу жылының қорытындысы бойынша).

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылатын 5-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектер саны – облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ әкімдіктерінің деректері;

Қазақстан Республикасы халқының саны – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің веб-сайты.

Көрсеткіштер бойынша түсініктеме: БЖСМ-інде, ОРРММИК-інде, СДБМИ-ында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жеткіншектерге 6-18 жастағы балалар мен жеткіншектер жатады.

4. 5-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

5. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

3) Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын ауыл халқының, ауыл халқының санындағы үлесі

1. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Облыстардың, Астана және Алматы қ.қ дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың мәліметтері негізінде көрсеткіштерге есептеу жүргізеді.

2. Көрсеткіштердің мәні дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын ауыл халқының, ауыл халқының санына қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$aY = XС/aTC*100$, мұндағы

aY - дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын ауыл халқының үлесі;

XС - дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде шұғылданатын ауыл халқының саны;

aTC - келесі есептік жылдың 1 қаңтарындағы әкімшілік-аумақ бірлігіндегі тұрғындар саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

есептік кезеннен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылатын 2-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын тұрғындар саны – облыстардың, Астана мен Алматы қ.к әкімдіктерінің деректері;

Қазақстан Республикасы халқының саны – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің веб-сайты, «Халық» деген бөлімі.

4. 2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

5. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

4) Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылданатын мүгедектердің үлесі, мүгедектердің жалпы санындағы үлесі

1. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Облыстардың, Астана және Алматы қ.к дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың мәліметтері негізінде көрсеткіштерге есептеу жүргізеді.

2. Көрсеткіштердің мәні дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар санының жалпы тұрғындар санына қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$MУ=M/MC*100%$, мұндағы

MУ – Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылданатын мүгедектердің саны;

M - Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылданатын мүгедектердің үлесі;

МС - келесі есептік жылдың 1 қаңтарындағы дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар мүгедектер саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

Дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылданатын мүгедектердің саны – облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ әкімдіктерінің деректері;

дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар мүгедектер саны – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Көрсеткіштер бойынша түсініктеме:

есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылатын 2-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын мүгедектер саны туралы деректер;

4. 2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

5. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

5) Өткізілген іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні Қазақстан Республикасының денсаулықты сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру шеңберінде өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралардың жалпы санынан үкіметтік емес ұйымдармен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралардың санына қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

ШҮ=ҮЕҰІМ/ШС*100%,мұндағы

ШҮ - үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) тартумен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралар үлесі;

ҮЕҰІМ - үкіметтік емес ұйымдармен өткізілген спорттық-бұқаралық іс-шаралардың саны;

ШС - спорттық-бұқаралық іс-шаралар саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің мемлекеттік тапсырыс аясында атқарған жұмыстар актілерінің негізінде.

Деректер есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

6) Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың санына қатысты есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$SU=OB/ЖС*100\%$, мұндағы

SU – спорт секцияларында айналысатын оқушылардың үлесі;

OB - спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың саны;

Ж - Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

спорт секцияларында айналысатын орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың саны – 2012 жылғы 27 желтоқсан айында № 570 (№ 18 қосымша) бұйрығы негізінде

Деректер есептік кезеңнен кейінгі қазан айында қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

7) Оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын ЖОО-дағы оқитындардың үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні оқушылардың жалпы санынан спорт секцияларында айналысатын ЖОО-дағы оқитындардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар санының жалпы тұрғындар санына қатысты есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$ЖСҮ = ЖСС / жС * 100\%$, мұндағы

ЖСҮ - спорт секцияларында айналысатын оқытындардың үлесі;

ЖСС - спорт секцияларында айналысатын ЖОО-дағы оқытындардың саны;

жС - ЖОО-дағы оқытындардың жалпы саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

спорт секцияларында айналысатын жоғары оқу орындарындағы оқушылардың саны – облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ. әкімдіктерінің;

ЖОО-дағы оқытындардың жалпы саны – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері.

3. 2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

4. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

8) *Ресми спорттық іс-шараларында, әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында, Азия чемпионаттарында және халықаралық турнирлерде иеленген медальдар саны*

1. Көрсеткіштің мәні олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлерінде ресми спорттық іс-шараларда, әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында, Азия чемпионаттарында және халықаралық турнирлерде иеленген медальдар соммасына қатысты есептеледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$МС = ОМ + ОеМ$, мұндағы

МС - Ресми спорттық іс-шараларда, әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында, Азия чемпионаттарында және халықаралық турнирлерде иеленген медальдар саны;

ОМ – Олимпиадалық спорт түрлері бойынша медальдар;

ОеМ – Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша медальдар.

Өлшем бірлігі – сан;

Ақпарат көзі: Халықаралық жарыстардың ресми хаттамалары.

Деректер есептік кезеңнен кейінгі қаңтарда қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 –

2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

9) Білікті спортшылардың (спорт шебері) санының өсуі

1. Көрсеткіштің мәні есептік жылы берілген «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атақтарының саны өткен жылдың тиісті көрсеткішіне қатысты есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$БСӨ = СШесеп + СШөткен жылғы * 100$ мұндағы,

БСӨ - Білікті спортшылардың өсуі;

СШесеп - есептік жылы берілген «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атақтарының саны;

СШөткен жылғы - өткен жылы берілген «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атақтарының саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атақтарын беру туралы бұйрықтары.

Деректер есептік кезеннен кейінгі қаңтарда қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

10) Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі оқушылардың үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні халықаралық жарыстарға қатысқан республикалық балалар мен жеткіншектер спорт мектебінде, олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі, республикалық спорт колледжіндегі оқушылардың саны осы ұйымдарда оқитындардың жалпы санының қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$ХЖҮ = ХСС / ОМЖС * 100\%$, мұндағы,

ХЖҮ - Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі, республикалық спорт колледжіндегі оқушылардың үлесі

ХСС - Халықаралық жарыстарға қатысқан спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі, республикалық спорт колледжіндегі оқушылардың саны;

ОМЖС - республикалық балалар мен жеткіншектер спорт мектебінде, олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі, республикалық спорт колледжіндегі оқушылардың жалпы саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылатын 5-ДШ, 7-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде спорт мектебінде және олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріндегі оқушылардың жалпы саны – облыстардың, Астана мен Алматы қ.қ әкімдіктерінің деректері;

4. 5-ДШ, 7-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

5. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

11) Жалпы түлектер санынан спорт шеберіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері түлектерінің үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні есептік жылы спорт шеберіне кандидат, спорт шебері халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған оқушылардың саны Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері, республикалық спорт колледжі түлектерінің санына қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$НОТУ = НОС/ТЖС * 100$, мұндағы,

НОТУ – спорт шеберіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері, республикалық спорт колледжі түлектерінің үлесі;

НОС – есептік жылы спорт шеберіне кандидат, спорт шебері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативтерін орындаған оқушылар саны;

ТЖС – Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері, республикалық спорт колледжі республикалық спорт мектептері түлектерінің жалпы саны.

*Өлшем бірлігі – пайыз;
Ақпарат көзі:*

Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің, республикалық спорт колледжінің тоқсан сайынғы есебі (соңғы оқу жылының түлектері бойынша есеп).

Деректер жиынтығы есептік кезеңнен кейінгі қантарда қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспары іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

12) «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен спортшылардың Қазақстанның спорттық ұйымдарына қосылған үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен және Қазақстанның спорттық ұйымдарына қосылған спортшылардың саны «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен спортшылар санының қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

3. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$KY = QS/ЖС*100$, мұндағы,

KY - «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен спортшылардың Қазақстанның спорттық ұйымдарына қосылған үлесі;

QS - «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен және Қазақстанның спорттық ұйымдарына қосылған спортшылардың саны

ЖС - «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен және Қазақстанның спорттық ұйымдарына қосылған спортшылардың жалпы саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

Көрсеткіштер бойынша түсініктеме:

Қазақстан Республикасы Спорт және шынықтыру істері агенттігімен «Ботафого әлеуметтік институты» (Бразилия Республикасының Федерациясы) футбол мектебі арасындағы екіжақты келісім-шарттың шеңберінде 13-14 жастағы «Ботафого әлеуметтік институты» футбол мектебінде оқудан өткен спортшылар ескеріледі.

Деректер есептік кезеңнен кейінгі қантарда қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

13) Түлектердің жалпы санынан спорттық қызметті жалғастыратын мектеп-интернат және колледждер түлектерінің үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары оқу орындарына түскен түлектердің санына және Қазақстанның құрама командаларына алынған түлектердің санына мектеп-интернат және колледждер түлектерінің жалпы санының қатынасы ретінде есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{CҚ ТҮ} = \text{МИКТЖС} / (\text{ОТЖС} + \text{ҚҚК}) * 100, \text{ мұндағы,}$$

СҚ ТҮ - Спорттық қызметті жалғастыратын республикалық мектеп-интернат және колледждер, республикалық спорт колледжі түлектерінің үлесі;

МИКТЖС – республикалық мектеп-интернат және колледждер түлектерінің жалпы саны

ОТЖС – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша түлектердің жалпы саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: республикалық спорт мектеп-интернат және колледждерінің тоқсан сайынғы есебі (түлектер, түлектерді соңғы оқу жылы оқыту бойынша есеп).

Деректер есептік кезеңнен кейінгі қаңтар айында қалыптастырылады.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

14) Бейінді бағыт бойынша біліктілігін арттырудан өткен жаттықтырушы оқытушылар құрамының үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні жаттықтырушы оқытушылар құрамының жалпы санына біліктілігін арттырудан өткен жаттықтырушы оқытушылар санының қатынасы ретінде есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{ЖҮ} = \text{ЖОЖС} / \text{ЖС} * 100, \text{ мұндағы,}$$

ЖҮ - Бейінді бағыт бойынша біліктілігін арттыру және жаттықтырушы оқытушылар құрамының үлесі;

ЖОЖС - Жаттықтырушы оқытушылар құрамының жалпы саны;

ЖС – Жаттықтырушылардың жалпы саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

Біліктілігін арттыру курстарынан өткен жаттықтырушы оқушылар құрамының жалпы саны – облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің есептері (Біліктілігін арттыру курстарынан, мастер класстардан, тренингтерден өткен, өткізілген курстар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен және ЖОО-ымен бірлесіп, республикалық спорт саласындағы уәкілетті органдардың есептері);

Жаттықтырушы оқушылар құрамының жалпы саны ақпарат - есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет қалыптастырылатын 2-ДШ ведомстволық статистикалық есбi шеңберінде қалыптастырылады.

3. 2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

4. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

15) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдаланатын ведомстволық бағыныстағы спорттық ұйымдар мен мекемелердің үлесі

1. Көрсеткіштердің мәні ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдаланатын ведомстволық бағыныстағы спорттық ұйымдар мен мекемелердің саны ведомстволық бағыныстағы спорттық ұйымдар мен мекемелердің жалпы санына қатынасы есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

ҒЗЖҮ = ҒЗЖС / ВС * 100, мұндағы,

ҒЗЖҮ – Ғылыми-зерттеу жұмыстарының үлесі;

ҒЗЖС – Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдаланатын ведомстволық бағыныстағы спорттық ұйымдар мен мекемелердің саны;

ВС - ведомстволық бағыныстағы спорттық ұйымдар мен мекемелердің саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: Жоғары спорт шеберлігі мектептерінің, Ұлттық штаттық командалар дирекциясының, мектеп-интернаттар-колледждердің, олимпиадалық даярлау орталықтарының, Республикалық спорт колледжінің есептері.

Жинақталған деректер есептік кезеңнен кейін қаңтар айында қалыптастырылады.

Көрсеткіштер бойынша түсініктеме:

Осы көрсеткішті есептеу мақсатында соңғы 3 жылда Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстары ескеріледі.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

16) Жұмыс орындары бойынша (жұмыс беруші) дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтардың үлесі

1. Көрсеткіштің мәні экономика саласында жұмыс істейтін азаматтар санына жұмыс орындары бойынша (жұмыс беруші) дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтар санының қатынасы ретінде есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

ЖҮ = ЖС/ХС*100, мұндағы,

ЖҮ - Жұмыс орындары бойынша дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халықтың үлесі;

ЖС - Жұмыс орындары бойынша дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халық саны;

ХС – экономикалық белсенді халық саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

Жұмыс орындары бойынша дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халық саны – облыстар, Астана және Алматы қк әкімдіктерінің деректері;

Экономика саласында жұмыс істейтін азаматтар саны – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі.

Көрсеткіштер бойынша түсініктеме:

Жұмыс орындары бойынша дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халық саны есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет 2-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде қалыптастырылады.

2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

17) Спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысқан азаматтар саны, адам

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізіліп жатқан республикалық дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысты.

Өлшем бірлігі – сан;

Ақпарат көзі: облыстар, Астана және Алматы қк әкімдіктерінің деректері. Деректер есептік кезеннен кейінгі қаңтар айында қалыптастырылады.

2. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

18) Спорт ұйымдарындағы кадр тапшылығы, %.

1. Көрсеткіштің мәні дене шынықтыру және спорт саласындағы ұйымдардың штат кестесіне сәйкес, жалпы мамандар санына дене шынықтыру және спорт саласында нақты мамандар санының қатынасы ретінде есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

КТ = НС/ШС*100, мұндағы,

КТ - Спорт ұйымдарындағы кадр тапшылығы;

НС – дене шынықтыру және спорт саласындағы нақты мамандар саны;

ШС - дене шынықтыру және спорт саласындағы штаттық саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі: дене шынықтыру және спорт саласында нақты мамандар саны есептік кезеңнен кейінгі 5 қаңтарда жылына 1 рет 2-ДШ ведомстволық статистикалық есебі шеңберінде қалыптастырылады.

дене шынықтыру және спорт саласындағы штат саны – облыстар, Астана және Алматы қк әкімдіктерінің, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері.

3. 2-ДШ статистикалық нысаны және оны толтыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 288 бұйрығымен бекітілді (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 8125 тіркелген).

4. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

19) Лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көбеюі

1. Көрсеткіштің мәні ағымдағы кезеңдегі лотерея қызметінен республикалық бюджетке 2011 жылғы базалық кезеңге түскен табыс көлемінің қатынасы ретінде есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$KK = ЛҚағым / ЛҚөткен * 100, \text{ мұндағы,}$$

KK - Лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көбеюі;

ЛҚағым – ағымдағы кезеңдегі лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көлемі;

ЛҚөткен - өткен кезеңдегі лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көлемі.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

Көрсеткіштің мәні лотерея қызметінен республикалық бюджетке түскен табыстың көлемі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

20) Айқындалған бұзушылықтардың жалпы санындағы жойылған бұзушылықтардың үлесі

1. Көрсеткіштің мәні айқындалған бұзушылықтардың жалпы санындағы жойылған бұзушылықтардың санымен есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$БҮ = АБ / ЖБ * 100, \text{ мұндағы,}$$

БҮ - айқындалған бұзушылықтардың үлесі;

АБ - айқындалған бұзушылықтардың саны;

ЖБ - жойылған бұзушылықтардың жалпы саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

Айқындалған бұзушылықтардың жалпы санындағы жойылған бұзушылықтардың саны – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің деректері.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012

– 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

21) Жоспарланған тексерістердің санын 2015 жылға дейін қысқарту.

1. Көрсеткіштің мәні ағымдағы жылы жоспарланған тексерістердің саны ағымдағы жылғы субъектілердің санынан есептеледі және 100-ге көбейтіледі.

2. Көрсеткіштерді есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

ЖТСҚ = ЖТ ағым/ЖТ өткен*100, мұндағы,

ЖТСҚ - Жоспарланған тексерістердің санын қысқарту;

ЖТ ағым – ағымдағы жылы жоспарланған тексерістердің саны;

ЖТ өткен - өткен жылы жоспарланған тексерістердің саны.

Өлшем бірлігі – пайыз;

Ақпарат көзі:

жойылған бұзушылықтардың жалпы саны – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің деректері.

3. Көрсеткішке қол жеткізу мониторингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 наурыздағы № 414 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің 2012 – 2016 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

Ғалим М.Саман

03/06

Андрей

Алексей



БҮЙРЫҚ

№ 12. 2013 жж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *449*

г.р.к. Астана

Об утверждении Методики расчета значений показателей, находящихся в ведении Агентства Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры, включенных в документы Системы государственного планирования

В соответствии с Дорожной картой по обеспечению синхронизации Системы государственного планирования с государственной статистикой, утвержденной Заместителем Премьер-Министра Республики Казахстан Орынбаевым Е.Т. от 4 марта 2013 года № 20-20/004-527, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемую Методику расчета показателей, находящихся в ведении Агентства Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры, включенных в документы Системы государственного планирования.
2. Департаменту стратегического развития Агентства Республики Казахстан по делам физической культуры и спорта (Камзебаевой Д.У.) обеспечить публикацию настоящего приказа на Интернет - ресурсе Агентства Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Ответственного секретаря Агентства Республики Казахстан по делам физической культуры и спорта Какен К. Г.
4. Настоящий приказ вводится в действие со дня подписания.

Председатель

Т. Есентаев

«Согласован»

Председатель Агентства
Республики Казахстан по
статистике

А. Машков

« 17 » * 2013 г. 08:47:00



Утверждена
приказом Председателя
Агентства Республики Казахстан
по делам спорта и физической культуры
от «06» _____ 2013 г.

Методика

**расчета значений показателей, находящихся в ведении Агентства
Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры,
включенных в документы Системы государственного планирования**

1. Общие положения

1. Настоящая Методика расчета показателей, находящихся в ведении по физической культуре и спорту, включенных в документы Системы государственного планирования разработана в целях синхронизации системы государственного планирования и государственной статистики.

2. Расчет значений показателей проводится для получения объективной оценки по текущему уровню развития физической культуры и спорта по следующим показателям:

Охват населения занимающегося физической культурой и спортом, %;

Охват детей и подростков, занимающихся физической культурой и спортом в общей численности детей и подростков, %;

Доля сельского населения, систематически занимающегося физической культурой и спортом, в общей численности сельского населения, %;

Доля инвалидов, систематически занимающихся физической культурой и спортом, в общей численности инвалидов, %;

Доля проведенных спортивно-массовых мероприятий с привлечением неправительственных организаций (НПО) от общего количества проведенных мероприятий, %;

Доля обучающихся, занимающихся в спортивных секциях в организациях среднего образования от общего количества обучающихся, %;

